ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 маусым №3313-24-00-2/1053 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Кербұлақ ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
Абзал Жұмағалиұлы (жеке кәсіпкер «NVT company»),

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Кербұлақ ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талабы қанағаттандырылсын.

Абзал Жұмағалиұлы (жеке кәсіпкер «NVT company») мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын (2024 жылғы 03 сәуірдегі № 240040/00 мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт).

Абзал Жұмағалиұлынан (жеке кәсіпкер «NVT company») мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж шығыны 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына осы сот арқылы келтіруі мүмкін.

Судья М.Б.Киргабаков

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М. Б., 24.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Киргабаков М. Б., 01.08.2024

3313-24-3-1/1032